



PRO

GNB 18V-38 | GNB 18V-40


Robert Bosch Power Tools GmbH
70538 Stuttgart
GERMANY

www.bosch-pt.com

1 609 92A 75X (2026.06) T / 21



1 609 92A 75X




kk Пайдалану нұсқаулығының
түпнұсқасы






Қазақ Бет 6






<https://eu-doc.bosch.com/>



GNB 18V-38





Қазақ

Еуразия экономикалық одағына (Кеден одағына) мүше мемлекеттер аумағында қолданылады

Сәйкестікті растау жайлы ақпарат қосымшада бар.

Өнімді өндірген мемлекет туралы ақпарат және өндірілген мерзімі өнімнің корпусында көрсетілген.

Импорттерге қатысты байланыс ақпарат өнім қаптамасында көрсетілген.

Өнімді пайдалану мерзімі

Өнімнің қызмет ету мерзімі 7 жыл. Өндірілген мерзімнен бастап (өндіру күні зауыт тақтайшасында жазылған) істетпей 5 жыл сақтағаннан соң, өнімді тексерусіз (сервистік тексеру) пайдалану ұсынылмайды.

Көрсетілген қызмет ету мерзімі тұтынушы аталмыш нұсқаулықтың талаптарын орындаған жағдайда ғана жарамды болады.

Істен шығу себептерінің тізімі

- көп ұшқын шықса, пайдаланбаңыз
- қатты діріл кезінде пайдаланбаңыз
- тоқ сымы бұзылған немесе оқшаулаусыз болса, пайдаланбаңыз
- өнім корпусынан тікелей түтін шықса, пайдаланбаңыз

Пайдаланушының мүмкін қателіктері

- тұтқасы мен корпусы бұзылған болса, өнімді пайдаланбаңыз
- жауын – шашын кезінде сыртта пайдаланбаңыз
- корпус ішіне су кірсе құрылғыны қосушы болмаңыз

Шекті күй белгілері

- тоқ сымның тозуы немесе зақымдануы
- өнім корпусының зақымдалуы

Қызмет көрсету түрі мен жиілігі

- Әр пайдаланудан соң өнімді тазалау ұсынылады.

Сақтау

- құрғақ жерде сақтау керек
- жоғары температура көзінен және күн сәулелерінің әсерінен алыс сақтау керек
- сақтау кезінде температураның кенет ауытқуынан қорғау керек
- орамасыз сақтау мүмкін емес
- сақтау шарттары туралы қосымша ақпарат алу үшін МЕМСТ 15150-69 (шарт 1) құжатын қараңыз
- +5-ден +40 °C-қа дейін температурасында қоймада өндірушінің қаптамасында сақтаңыз. Салыстырмалы ылғалдылық 80 % -дан аспауы тиіс.

Тасымалдау

- тасымалдау кезінде өнімді құлатуға және кез келген механикалық ықпал етуге қатаң тыйым салынады

- босату/жүктеу кезінде пакетті қысатын машиналарды пайдалануға рұқсат берілмейді
- тасымалдау шарттары талаптарын МЕМСТ 15150-69 (5 шарт) құжатын оқыңыз
- Қоршаған орта температурасы –50 °C-тан +50 °C-қа дейін тасымалдау рұқсат етілген. Салыстырмалы ылғалдылық 100 %-дан аспауы тиіс.

Қауіпсіздік нұсқаулары

Электр құралдары үшін жалпы қауіпсіздік нұсқаулары

⚠ ЕСКЕРТУ

Осы электр құралының жинағындағы ескертулерді,

нұсқауларды, суреттерді және сипаттамаларды оқыңыз. Барлық техникалық қауіпсіздік нұсқаулықтарын орындамау тоқтың соғуына, өрт және/немесе ауыр жарақаттануларға алып келуі мүмкін.

Болашақ жұмыстар үшін қауіпсіздік нұсқаулықтары мен ескертпелерді сақтап қойыңыз.

Қауіпсіздік нұсқаулықтарында пайдаланылған Электр құрал атауының желіден қуат алатын электр құралдарына (желілік кабелі менен) және аккумулятордан қуат алатын электр құралдарына (желілік кабелі жоқ) қатысы бар.

Жұмыс орнының қауіпсіздігі

- Жұмыс орнын таза және жарық ұстаңыз. Ластанған және қараңғы жайларда сәтсіз оқиғалар болуы мүмкін.
- Электр құрылғысын жарылатын атмосферада пайдаланбаңыз, мысалы, жанатын сұйықтық, газ немесе шаң бар болғанда. Электр құрал ұшқындарды жасайды, ал олар шаң немесе буларды жандыруы мүмкін.
- Балалар мен бақылаушыларды электр құралынан алыс ұстаңыз. Алданулар бақылау жоғалуына алып келуі мүмкін.
- Жабдық тұрмыстық жағдайларда, коммерциялық аймақтарда және қоғамдық жерлерде, зиянды және қауіпті өндірістік факторлар жоқ кіші электр тұтынуы бар өндірістік аймақтарында жұмыс істеу үшін арналған.

Электр қауіпсіздігі

- Электр құралдарды жаңбырда немесе ылғалды қоршауда пайдаланбаңыз. Электр құралына кірген су тоқ соғу қауіпін жоғарылатады.

Жеке қауіпсіздік

- Электр құралды пайдалануда абай болыңыз, жұмысыңызды бақылаңыз және парасатты пайдаланыңыз. Электр құралды шаршаған кезде немесе есірткі, алкоголь немесе дәрі әсер еткен кезде пайдаланбаңыз. Электр құралын пайдалану кезінде аңсыздық ауыр жеке жарақаттануға алып келуі мүмкін.
- Жеке қорғайтын жабдықтарды пайдаланыңыз. Әрдайым көз қорғанысын тағыңыз. Шаң маскасы,

сырғанбайтын қауіпсіздік аяқ киімдері, шлем немесе есту қорғаныштары сияқты қорғағыш жабдықтары тиісті жағдайларда қолданып жеке жарақаттануларды кемейтеді.

- ▶ **Кездейсоқ іске қосылудың алдын алу. Тоқ көзіне және/немесе батареялар жинағына қосудан алдын, құралды көтеру немесе тасудан алдын өшіргіш өшік күйде болуына көз жеткізіңіз.** Электр құралын саусақты өшіргішке қойып тасу немесе қосқышы қосұлы электр құралын тоққа қосу сәтсіз оқиғаға алып келуі мүмкін.
- ▶ **Электр құралын қосудан алдын келген реттеу сынасын немесе кілтті алып қойыңыз.** Электр құралының айналатын бөлігінде қалған кілт немесе сына жеке жарақаттануға алып келуі мүмкін.
- ▶ **Көп күш істетпеңіз. Әрдайым тиісті таяныш пен тең салмақтылықты сақтаңыз.** Бұл күтілмеген жағдайларда электр құралдың бақылануын сақтайды.
- ▶ **Тиісті киім киіңіз. Бос киім мен әшекейлерді киймеңіз. Шашыңыз бен киімдерді жылжымалы бөлшектерден алыс ұстаңыз.** Бос киімдер, әшекейлер немесе ұзын шаш жылжымалы бөлшектер арқылы тартылуы мүмкін.
- ▶ **Егер шаң шығарып жинау жабдықтарына қосу құрылғылары берліген болса, онда олар қосұлы болуына және тиісті ретте қолдануына көз жеткізіңіз.** Шаң жинауды пайдалану шаңға байланысты зияндарды кемейтеді.
- ▶ **Аспаптарды жиі пайдаланып жақсы білгеннен соң масайрап кетпей қауіпсіздік принциптерін елемей отырмаңыз.** Абайсыз әрекет секунд ішінде ауыр жарақаттануға алып келуі мүмкін.
- ▶ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Энергиямен жабдықтаудың толықтай не жекелей тоқтатылуы немесе энергиямен жабдықтауды басқару тізбегінің ақаулануы салдарынан электр құралының жұмысында кідіріс пайда болған жағдайда, бұғатталмағандығына көз жеткізіп (болған жағдайда) барып, ажыратқышты Выкл. (Өшіру) қалпына келтіріңіз. Желілік ашаны розеткадан шығарыңыз немесе алып – салмалы аккумуляторды ажыратыңыз.** Осы әрекет арқылы бақыланбайтын қайта іске қосылудың алдын аласыз.
- ▶ **Аталмыш пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес білікті қызметкерлер құрамына электр құралын реттеу, монтаждау, қолданысқа енгізу және оған қызмет көрсету әрекеттерімен таныс тұлғалар жатады.**
- ▶ **Электр құралымен жұмыс істеуге 18 жасқа толған, техникалық сипаттаманы, пайдалану жөніндегі нұсқаулықты және қауіпсіздік ережелерін оқып шыққан тұлғаларға рұқсат етіледі.**
- ▶ **Дене, сезім немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдар олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғаның бақылауында болмаса немесе электр құралын пайдалану бойынша нұсқау алмаған болса, бұйымды пайдаланбауы тиіс.**

Электр құралдарын пайдалану және күту

- ▶ **Құралды аса көп жүктемеңіз. Жұмысыңыз үшін жарамды электр құралын пайдаланыңыз.** Жарамды электр құралымен керекті жұмыс аймағында дұрыс әрі сенімді жұмыс істейсіз.
- ▶ **Ажыратқышы дұрыс емес электр құралын пайдаланбаңыз.** Қосуға немесе өшіруге болмайтын электр құралы қауіпті болып, оны жөндеу қажет болады.
- ▶ **Жабдықтарды реттеу, бөлшектерін алмастыру немесе электр құралдарын қоймаға қою алдында, ашаны қуат көзінен ажыратыңыз және/немесе аккумуляторды алмалы-салмалы болса, оны электр құралынан алып тастаңыз.** Бұл сақтық әрекеті электр құралдың байқаусыз қосылуына жол бермейді.
- ▶ **Пайдаланылмайтын электр құралдарды балалар қолы жетпейтін жайға қойыңыз.** Осыларды білмейтін немесе осы ескертпелерді оқымаған адамдарға бұл құралды пайдалануға жол бермеңіз. Тәжірибесіз адамдар қолында электр құралдары қауіпті болады.
- ▶ **Электр құралдарын мен керек-жарақтарын ұқыпты күтіңіз.** Қозғалмалы бөлшектердің кедергісіз істеуіне және кептеліп қалмауына, бөлшектердің ақаусыз немесе зақымдалмаған болуына, электр құралының зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Зақымдалған бөлшектері бар құралды пайдаланудан алдын жөндеңіз. Электр құралдарының дұрыс күтілмеуі жазатайым оқиғаларға себеп болып жатады.
- ▶ **Кескіш аспаптарды өткір және таза күйде сақтаңыз.** Дұрыс күтілген және кескіш жиектері өткір кескіш аспаптар аз кептеліп, кесілетін бетке оңай бағытталады.
- ▶ **Электр құралын, жабдықтарды, алмалы-салмалы аспаптарды және т.б. осы нұсқауларға сай пайдаланыңыз.** Сонымен жұмыс шарттарымен орындалатын әрекеттерге назар аударыңыз. Электр құралдарын арналмаған жұмыстарда пайдалану қауіпті.
- ▶ **Қолтұтқалар мен қармау беттерін құрғақ, таза және май мен ластан таза ұстаңыз.** Сырғанақ қолтұтқалар мен қармау беттері күтілмеген жағдайларда сенімді қолдану мен бақылауға жол бермейді.

Батарея құралын пайдалану және күту

- ▶ **Тек өндіруші сипаттаған зарядтағышмен қайта зарядтаңыз.** Батарея жинағының бір түріне сай зарядтағыш басқа батарея жинағымен қолдануда өрт қауіпіне адып келуі мүмкін.
- ▶ **Электр құралдарын тек арнайы тағайындалған батарея жинақтарымен пайдаланыңыз.** Кез келген басқа батарея жинақтарын пайдалану жарақаттану мен өрт қауіпіне алып келеді.
- ▶ **Егер батарея жинағы қолдануда болмаса, оны түйреуіш, тиын, кілт, шеге, бұранда немесе басқа кіші метал заттардан ұстаңыз, олар бір**

терминалдан басқасына байланыс жасауы мүмкін. Батарея терминалдарын қосу күйік немесе өртке алып келуі мүмкін.

- ▶ **Дұрыс емес пайдалануда батареядан сұйықтық ағуы мүмкін, оған тимеңіз. Егер тиіп қалсаңыз, сумен шайып тастаңыз. Егер сұйықтық көзге тисе дәрігерге хабарласыңыз.** Батареядан шаққан сұйықтық қозу немесе күйіктерге алып келуі мүмкін.
- ▶ **Зақымдалған немесе өзгертілген батарея жинақтарын пайдаланбаңыз.** Зақымдалған немесе өзгертілген батареялар өртке, жарылуға немесе жарақатқа алып келуі мүмкін кездейсоқ әрекеттерге алып келуі мүмкін.
- ▶ **Батарея жинағын немесе құралын өртке немесе қатты температураға салдырмаңыз.** 130 °C жоғары температураларда жарылыс болуы мүмкін.
- ▶ **Барлық зарядтау нұсқауларын орындап батарея жинағын нұсқауларда белгіленген температура ауқымынан тыс жағдайда зарядтамаңыз.** Дұрыс емес зарядтау немесе белгіленген ауқымнан тыс температурада зарядтау батареяны зақымдап өрт қауіпін жоғарылатуы мүмкін.

Қызмет көрсету

- ▶ **Электр құралына маманды жөндеуші тек бірдей қосалқы бөлшектермен қызмет көрсетуі керек.** Бұл электр құралының қауіпсіздігін сақталуын қамтамасыз етеді.
- ▶ **Зақымдалған батарея жинақтарын ешқашан пайдаланбаңыз.** Батарея жинақтарын тек өндіруші немесе өкілетті қызмет көрсету жабдықтаушысы арқылы орындалуы мүмкін.

Шегеқаққыш машинаның қауіпсіздік ескертулері

- ▶ **Әрдайым шегеқаққыш машинада бекіткіш элементтер бар деп есептеңіз.** Шегеқаққыш машинаны ұқыпсыз пайдалану бекіткіш элементтердің атылуына және жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- ▶ **Шегеқаққыш машинаны бекіткіш элементтерді салу және шығару, құралды баптау немесе керек жарақаттарды ауыстыру кезінде қуат көзінен ажыратыңыз.** Шегеқаққыш машина қуат көзіне қосылу болған жағдайда кездейсоқ іске қосылып, жарақат тигізуі мүмкін.
- ▶ **Бекіткіш элементтермен жұмыс істеген кезде, әсіресе оларды салған және шығарған кезде аса мұқият болыңыз.** Бекіткіш элементтердің жарақат тигізуі мүмкін өткір ұштары бар.
- ▶ **Шегеқаққыш машинаны өзіңізге немесе жаныңыздағы ешкімге қаратпаңыз.** Күтпеген іске қосылу бекіткіш элементтің босатылуына және нәтижесінде жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- ▶ **Шегеқаққыш машинаны пайдаланбаған және бір жұмыс позициясынан басқасына жылжитқан кезде саусағыңызды іске қосу механизмінен алшақ ұстаңыз.** Күтпеген іске қосылу бекіткіш

элементтің босатылуына және нәтижесінде жарақат алуға әкелуі мүмкін.

- ▶ **Бекіткіш элементтің жасырын сымдарға тию ықтималдығы бар әрекеттерді орындаған кезде шегеқаққыш машинаны оқшауланған арнайы беттерінен ұстаңыз.** Егер бекіткіш элемент кернеу астындағы сымға тисе, шегеқаққыш машинаның ашық металл бөлшектері кернеу астына түсіп, пайдаланушыны ток соғуы мүмкін.
- ▶ **Шегеқаққыш машинаны пайдалану кезінде мықтап ұстаңыз.** Шегеқаққыш машинаның басқарылмайтын кері соғуы кездейсоқ іске қосуға әкелуі мүмкін, нәтижесінде дене жарақатына әкеледі.
- ▶ **Қол-аяқ сияқты барлық дене мүшелерін шегеқаққыш машинаның қағу бағытынан алшақ ұстаңыз.** Бекіткіш элемент дайындамаға, сондай-ақ оның артында тұрған кез келген затқа кіріп, нәтижесінде жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- ▶ **Шегеқаққыш машинаны пайдалану кезінде қол-аяқ сияқты барлық дене мүшелерін бекіткіш элемент дайындамаға қағылатын аймақтан алшақ ұстаңыз.** Бекіткіш элемент ауытқып, дайындамадан шығып кетуі және нәтижесінде жарақат тигізуі мүмкін.
- ▶ **Шегеқаққыш машина дайындамаға тұрақты орналастырылмаған болса, оны іске қоспаңыз.** Шегеқаққыш машина дайындамаға тимей тұрса, бекіткіш элемент дайындамадан ығысып, жарақат тигізуі мүмкін.

GNB 18V-40 бойынша қауіпсіздік техникасының қосымша нұсқауы:

- ▶ **Электрлік кабельдерді бекіткен кезде олар қуат көзіне қосылмағанына көз жеткізіңіз.** Шегеқаққыш машинаны оқшауланған арнайы беттерінен ғана ұстаңыз. Тек электрлік кабельдерді монтаждауға арналған бекіткіш элементтерді пайдаланыңыз. Бекіткіш элемент электрлік кабельдердің оқшаулағышын зақымдамағанына көз жеткізіңіз. Электрлік кабель оқшаулағышының зақымдалуы ток соғу және өрт қаупін тудыруы мүмкін.

GNB 18V-38 бойынша қауіпсіздік техникасының қосымша нұсқауы:

- ▶ **Бұл шегеқаққыш машинаны электрлік кабельдерді бекіту үшін пайдаланбаңыз.** Ол электрлік кабельдерді монтаждауға арналмаған және электрлік кабельдердің оқшаулағышына зақым келтіруі мүмкін. Бұл ток соғу немесе өрт қаупін тудыруы мүмкін.
- ▶ **Бекіткіш элемент шегеқаққыш машинаның ішінде қысылып қалса, машинаны қуат көзінен ажыратыңыз.** Қысылып қалған бекіткіш элементті шығарып алу кезінде шегеқаққыш машина қуат көзіне қосылу болса, ол кездейсоқ іске қосылып, жарақат тигізуі мүмкін.

- ▶ **Қысылып қалған бекіткіш элементті шығарып алу кезінде сақ болыңыз.** Механизм қысым астында болуы мүмкін және бекіткіш элемент күшпен шығып кетіп, жарақат тигізуі мүмкін.
- ▶ **Қажетті іздеу құралдарын пайдаланып жасырылған сымдарды табыңыз немесе жауапты жергілікті ұйым өкілдерін шақырыңыз.** Электр сымдарына тию өрт немесе тоқ соғуына алып келуі мүмкін. Газ құбырын зақымдау жарылысқа алып келуі мүмкін. Су құбырын зақымдау материалдық зиянға алып келуі мүмкін.
- ▶ **Аккумулятор зақымдалған немесе дұрыс пайдаланылмаған жағдайда, одан бу шығуы мүмкін.** Аккумулятор жанып немесе жарылып қалуы мүмкін. Таза ауа ішке тартыңыз және шағымдар болса, дәрігердің көмегіне жүгініңіз. Бу тыныс алу жолдарын тітіркендіруі мүмкін.
- ▶ **Аккумуляторды өзгертпеңіз және ашпаңыз.** Қысқа тұйықталу қаупі бар.
- ▶ **Шеге немесе бұрауыш сияқты ұшты заттар немесе сыртқы әсер арқылы аккумулятор зақымдануы мүмкін.** Бұл қысқа тұйықталуға алып келіп, аккумулятор жаныуы, түтін шығаруы, жарылуы немесе қызып кетуі мүмкін.
- ▶ **Аккумуляторды тек өндіруші өнімдері үшін пайдаланыңыз.** Сол арқылы аккумуляторды қауіпті, артық жүктеуден сақтайсыз.




Аккумуляторды жылудан, сондай-ақ, мысалы, үздіксіз күн жарығынан, оттан, кірден, судан және ылғалдан қорғаңыз. Жарылыс және

қысқа тұйықталу қаупі туындайды.



Электр құралын пайдалану барысында құлақ қорғанысын және қорғаныш көзілдірік тағып жүріңіз.

- ▶ **Электр құралы мен шегелерді тым жұмсақ материалдарда (мысалы, сүрек, жеңіл құрылыс материалдары) пайдаланбаңыз.** Шегелер астыңғы бетке кіріп, жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- ▶ **Электр құралы мен шегелерді тым қатты материалдарда (мысалы, беріктігі жоғары болат, өте қатты табиғи тас), сондай-ақ қысуға қарсылығы жоғары бетон сұрыптарында немесе қысуға қарсылығы жоғары түйіршікті толтырғыштарда пайдаланбаңыз.** Егер материал тым қатты болса, шеге секіріп кетуі, сынуы және шығып кетуі және өзіңізге немесе басқа адамдарға тиіп, жарақат тигізуі мүмкін.



- ▶ **Еш жағдайда электр құралын үшкір бұрышын астыңғы бетке тигізіп ұстамаңыз.** Электр құралы астыңғы бетке тігінен жанасып тұруы қажет. Астыңғы бетте ешқандай қоқыс болмауы тиіс.
- ▶ **Түйіспе элементін ажыратпаңыз немесе алып тастамаңыз.** Түйіспе элементі кенет іске қосылу қаупін азайту үшін қауіпсіздік механизмі ретінде қолданылады. Бұл компоненттің ажыратылуы кенет іске қосылуға әкелуі мүмкін.
- ▶ **Электр құралын, түйіспе элементі тиісінше жұмыс істегенде ғана пайдаланыңыз.** Егер түйіспе элементі ақаулы болса, электр құралы кенет іске қосылуы мүмкін.
- ▶ **Әрдайым аккумуляторды енгізбес бұрын алдымен шегелерді электр құралының қорабына салыңыз.** Осылайша шегенің кенет қағылуы және басқа адамдарға жарақат тигізу қаупі азаяды.
- ▶ **Еш жағдайда шегелерді тұтанғыш материалдардың жанында қақпаңыз.** Кейбір шеге сұрыптарында пайдалану кезінде түйіспе элементінен ұшқын шығуы мүмкін.
- ▶ **Шегені басқа шегеге қақпаңыз.** Бұл шегенің ауытқып кетуіне немесе электр құралының кенет жауап қайтаруына әкелуі мүмкін.

Өнім және қуат сипаттамасы



Барлық қауіпсіздік нұсқаулықтарын және ескертпелерді оқыңыз. Техникалық қауіпсіздік нұсқаулықтарын және ескертпелерді сақтамау тоқтың соғуына, өрт және/немесе ауыр жарақаттануларға алып келуі мүмкін.

Пайдалану нұсқаулығының алғы бөлігінің суреттерін ескеріңіз.

Мақсаты бойынша қолдану

Электр құралы бетон (мысалы, құйма бетон, ерітінді құйылған жіктер) және болат (мысалы, құрылыстық болат, ыссы илемделген болат) сияқты қатты материалдарға шеге қондыруға арналған.

Электр құралын тым жұмсақ үстіңгі беттерде (мысалы, сүрек, жеңіл құрылыстық материалдар) немесе тым қатты үстіңгі беттерде (мысалы, беріктігі жоғары болат) пайдалануға болмайды. Келесі астыңғы беттерде электр

құралын пайдаланбаған жөн: табиғи тас, ерітіндімен толтырылған тік жіктер, қуыс блоктар, кірпіш, зертас кірпіш, шыны, шыңдалған болат, аспаптық болат, серіппелі болат, шойын, дәнекерленген жіктер.

Пайдалану алдында астыңғы беттің жарамдылығын тексеріңіз (қараңыз „Астыңғы беттің жарамдылығын тексеру“, Бет 13).

Электр құралы тек қолмен пайдалануға арналған.

Электр құралы ішкі үй-жайда пайдалануға арналған.

Көрсетілген құрамды бөлшектер

Көрсетілген құрамды бөлшектердің нөмірлері графикалық беттегі электр құралының көрсетіліміне қатысты болып келеді.

- (1) Қосу/өшіру түймесі (пайдаланушы интерфейсі)
- (2) Электр құралының күйі индикаторы (пайдаланушы интерфейсі)
- (3) Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы (пайдаланушы интерфейсі)
- (4) Бастапқы күйге қайтару түймесі (пайдаланушы интерфейсі)
- (5) Іске қосу құрылғысының құлыптан босату ажыратқышы
- (6) Іске қосу құрылғысы

- (7) Тұтқа (беті оқшауланған)
- (8) Пайдаланушы интерфейсі
- (9) Аккумуляторды босату түймесі^{a)}
- (10) Аккумулятор^{a)}
- (11) Қораптың құлыптан босату түймесі
- (12) Қорап
- (13) Тұғыр
- (14) Қорап қалқаны
- (15) Қорап қалқанының түймесі
- (16) Түйіспе элементінің құлыптан босату тұтқасы
- (17) Стандартты түйіспе элементі
- (18) Ауыз
- (19) Жұмыс шамы
- (20) Тереңдік шектегішінің ажыратқышы
- (21) Ойғыш
- (22) Шеге таспасы^{a)}
- (23) Жіңішке түйіспе элементі (GNB 18V-40)
- (24) Магниттік сақина (GNB 18V-40)
- (25) Ілгек

a) Бейнеленген құрамдас бөлшектер стандарттық жеткізу көлеміне кірмейді.

Техникалық мәліметтер

Аккумуляторлық шегеқаққыш машина		GNB 18V-38	GNB 18V-40
Өнім нөмірі		3 601 J17 000	3 601 J17 001
Номиналды кернеу	B=	18	18
Іске қосу жүйесі		Қорғаныс реттілігі бар бірімәртелі іске қосу тетігі	Қорғаныс реттілігі бар бірімәртелі іске қосу тетігі
Макс. қондыру жиілігі (аккумулятор ≥ 4 A-caf)	c ⁻¹	2	2
Қағылатын зат			
– Түрі		Шеге	Шеге
– Ұзындығы	мм	13–38	13–40
– Білік диаметрі	мм	2,7–3	2,7–3
Стандартты қораптың сыйымдылығы	Шегеле р	22	22
Аккумуляторсыз өлшемдері (ұзындығы × ені × биіктігі)	мм	405 × 138 × 309	405 × 138 × 309
Салмағы ^{A)}	кг	4,1	4,1
Зарядтау кезінде ұсынылатын қоршаған орта температурасы	°C	0 ... +35	0 ... +35
Жұмыс істеп тұрған кездегі рұқсат етілген қоршаған орта температурасы ^{B)}	°C	–5 ... +50	–5 ... +50
Сақтау кезінде рұқсат етілетін қоршаған орта температурасы	°C	–20 ... +50	–20 ... +50
Үйлесімді аккумуляторлар		GBA18V... GBA 18V... ProCORE18V... EXPERT18V...	GBA18V... GBA 18V... ProCORE18V... EXPERT18V...

Аккумуляторлық шегеқаққыш машина		GNB 18V-38	GNB 18V-40
Толық қуат үшін ұсынылатын аккумуляторлар		EXBA18V... CORE18V...	EXBA18V... CORE18V...
		ProCORE18V... ≥ 4 Ah	ProCORE18V... ≥ 4 Ah
		EXPERT18V...	EXPERT18V...
Ұсынылатын зарядтағыш құрылғылар		GAL18...	GAL18...
		GAL 18...	GAL 18...
		GAL 36...	GAL 36...
		GAL12V/18...	GAL12V/18...
		GAL 12V/18...	GAL 12V/18...
		GAX 18... EXAL18...	GAX 18... EXAL18...

A) Аккумуляторсыз (аккумулятор салмағын www.bosch-professional.com веб-сайтында қараңыз)

B) температура < 0 °C болғанда жұмыс күші шектелген көлемде болады

Мәндер өнімге байланысты өзгешеленуі мүмкін, сондай-ақ пайдалану және қоршаған орта шарттарына бағынуы мүмкін. Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша қараңыз: www.bosch-professional.com/wac.

Шуыл/діріл туралы ақпарат

EN IEC 62841-2-16 бойынша есептелген шуыл эмиссиясының көрсеткіштері.

Электр құралының амплитуда бойынша есептелген шуыл деңгейі әдетте келесідей болады: дыбыстық қысым деңгейі **85 дБ(А)**; дыбыстық қуат деңгейі **96 дБ(А)**.
К дәлсіздігі = **3 дБ**.

Құлақ қорғанысын тағыңыз!

EN IEC 62841-2-16 бойынша есептелген теңселу мәндері a_h (үздіксіз діріл), p_f (қайталанатын соқпа діріл) және K дәлсіздігі:

$a_h = 6,3 \text{ м/с}^2$ ($K = 1,5 \text{ м/с}^2$), $p_f = 2348 \text{ м/с}^2$ ($K = 46 \text{ м/с}^2$)

Осы нұсқауларда келтірілген діріл деңгейі және шуыл эмиссиясының көрсеткіші заңды өлшеу әдісі бойынша өлшенген және оларды электр құралдарын бір-бірімен салыстыру үшін пайдалануға болады. Олармен алдыңғы тербелу және шу шығаруды бағалауға болады.

Берілген тербелу деңгейі мен шуыл шығару мәні электр құралының негізгі жұмыстары үшін берілген. Егер электр құрал басқа жұмыстар үшін басқа алмалы-салмалы аспаптар менен немесе жетімсіз күтумен пайдаланылса дірілдеу деңгейі мен шуыл шығару мәндері өзгереді. Бұл бүкіл жұмыс уақыты үшін тербелу және шуыл шығаруды қатты көтеруі мүмкін.

Дірілдеу деңгейі мен шуыл шығару мәнін нақты есептеу үшін құрал өшірілген және қосылған болып пайдаланылмаған уақыттарды да ескеру қажет. Бұл дірілдеу деңгейі және жұмыс уақытындағы шуыл шығару мәнін төмендетеді.

Пайдаланушыны дірілдеу әсерінен сақтау үшін қосымша қауіпсіздік шараларын қолдану қажет, мысалы: электр құралды және алмалы-салмалы аспаптарды күту, қолдарды ыстық ұстау, жұмыс әдістерін ұйымдыстыру.

Аккумулятор

Bosch компаниясы аккумуляторлық электр құралдарын аккумуляторсыз да сатады. Электр құралыңыздың

жеткізілім жиынтығында аккумулятордың бар жоғын қаптауыштан біліп алуға болады.

Аккумуляторды зарядтау

► **Тек техникалық мәліметтерде жазылған зарядтау құралдарын пайдаланыңыз.** Тек қана осы зарядтау құралдары сіздің электр құралыңыздың ішінде литий-иондық аккумулятормен сәйкес.

Ескертпе: Литий-ионды батареялар халықаралық тасымалдау ережелеріне сәйкес ішінара зарядталған күйде жеткізіледі. Аккумулятордың толық қуатын пайдалану үшін оны алғаш рет пайдаланудан бұрын толық зарядтаңыз.

Аккумуляторды енгізу

Зарядталған аккумуляторды аккумулятор бекіткішіне тірелгенше енгізіңіз.

Аккумуляторды шығару

Аккумуляторды шығару үшін аккумуляторды босату түймесін басыңыз және аккумуляторды электр құралынан тартып шығарыңыз. **Бұл ретте құш салмаңыз.**

Аккумуляторда, аккумуляторды босату түймесі байқаусызда басылып кеткенде, оның түсіп кетуінен қорғайтын 2 құлыптау деңгейі бар. Аккумулятор электр құралына орнатулы болса, оны өз орнында серіппе ұстап тұрады.

Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы

Нұсқау: әр аккумулятор түрінде заряд деңгейінің индикаторы болмайды.

Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторындағы жасыл түсті жарық диодтары аккумулятордың заряд деңгейін көрсетеді. Қауіпсіздік тұрғысынан заряд деңгейін электр құралының жұмыссыз күйінде ғана шақыруға болады.

Заряд деңгейін көрсету үшін заряд деңгейінің индикаторына арналған  түймесін басыңыз. Мұны аккумулятор шығарылғанда да орындауға болады.

Заряд деңгейінің индикаторына арналған түймені басқаннан кейін ешқандай жарық диоды жанбаса, бұл аккумулятордың ақаулы және оны ауыстыру керек екендігін білдіреді.

Аккумулятор зарядының деңгейі пайдаланушы интерфейсінде де көрсетіледі (қараңыз „Күй индикаторлары“, Бет 16).

Аккумулятор түрі GBA 18V... | GBA18V...



Жарық диоды	Қуаты
Үздіксіз жарық 3 × жасыл	60–100%
Үздіксіз жарық 2 × жасыл	30–60%
Үздіксіз жарық 1 × жасыл	5–30%
Жыпылықтайтын жарық 1 × жасыл	0–5%

Аккумулятор түрі ProCORE18V... | EXPERT18V... | EXBA18V... | CORE18V...



Жарық диоды	Қуаты
Үздіксіз жарық 5 × жасыл	80–100%
Үздіксіз жарық 4 × жасыл	60–80%
Үздіксіз жарық 3 × жасыл	40–60%
Үздіксіз жарық 2 × жасыл	20–40%
Үздіксіз жарық 1 × жасыл	5–20%
Жыпылықтайтын жарық 1 × жасыл	0–5%

Аккумулятордың бұзылу қаупін анықтау

EXPERT18V... | EXBA18V...

Аккумулятор заряды деңгейі индикаторының жарық диодтары аккумулятордың заряд деңгейіне қоса аккумулятордың бұзылу қаупін де көрсете алады.

Функцияны іске қосу үшін заряд деңгейінің индикаторына арналған түймені  3 секунд басып тұрыңыз. Аккумуляторды талдау процесі туралы аккумулятор заряды деңгейі индикаторының жылжымалы жарығы сигнал береді. Нәтиже аккумулятор заряды деңгейінің индикаторында көрсетіледі.



1 жарық диоды: аккумулятордың бұзылу қаупі жоғары. Қуат пен жұмыс істеу уақыты айтарлықтай азаюы мүмкін. Аккумуляторды алмастыруға кеңес беріледі.



5 жарық диоды: аккумулятор жақсы күйде және бұзылу қаупі төмен.

Шегелерді пайдалану мақсатына сәйкес таңдау:

Назар аударыңыз: аккумулятордың бұзылу қаупін бағалау әрекеті екі кезең бойынша орындалады және аккумулятор күйін бағалаудың жеңілдетілген әдісін ұсынады. Аккумулятор не жақсы күйде болып бағаланады, не қатты бұзылу қаупіне ие болады. Батарея заряды деңгейінің пайызы көрсетілмейді.

Аккумуляторды оңтайлы пайдалану туралы нұсқаулар

Аккумуляторды сұйықтықтардан және ылғалдан қорғаңыз.

Аккумуляторды тек –20 °C ... 50 °C температура ауқымында сақтаңыз. Аккумуляторды жазда көлікте қалдырмаңыз.

Аккумулятордың желдету тесігін жұмсақ, таза және құрғақ қылшақпен мұқият тазалаңыз.

Пайдалану мерзімінің айтарлықтай қысқаруы аккумулятордың ескіргенін және ауыстыру керектігін білдіреді.

Қоқыстарды қайта өңдеу туралы нұсқауларды орындаңыз.

Монтаждау

► **Электр құралында кез келген жұмыс өткізбес бұрын (мысалы, техникалық қызмет көрсету, құралды алмастыру және т.б.) аккумулятордың электр құралынан шығарып алыңыз.** Ажыратқышты кездейсоқ басқан жағдайда, жарақат алу қаупі туындайды.

Қорапты енгізу/алмастыру (А суретін қараңыз)

Қорапты (12) электр құралына енгізіп, тірелуіне мүмкіндік беріңіз.

Қорапты алмастыру үшін құлыптан босату иінірегін (11) сағат тілінің бағытымен басыңыз. Қорапты кішкене бұрап, электр құралынан шығарыңыз.

Қорапты толтыру/босату (В суретін қараңыз)

► **Шегелерді әсіресе жүктеу және шығару барысында пайдалану кезінде мұқият болыңыз.** Шегелердің дене жарақатына әкелуі мүмкін өткір ұштары бар.

► **Электр құралыңыз үшін Bosch компаниясы ұсынған шегелерді ғана пайдаланыңыз.** Рұқсат етілмеген шегелерді пайдалану электр құралының зақымдалуына және жарақат алуға әкелуі мүмкін.

Қорапта кез келген жұмыстарды өткізу барысында электр құралын, ауыз (18) не өз денеңізге, не басқа адамдарға бағытталмайтындай ұстап тұрыңыз.

Атауы	Тапсырыс нөмірі	Келесіге жарамды	Ұзындығы (мм)	Диаметрі (мм)		Материал	Шеге таспасының түсі
				Білік	Бүркеншік		
NB-16	1 600 A02 F4K	Бетон	16	2,7 (теріс)	6,25	Көміртекті болат, гальваникалық түрде мырышталған	көк
NB-19	1 600 A02 F4L		19				
NB-25	1 600 A02 F4M		25				
NB-32	1 600 A02 F4N		32				
NB-38	1 600 A02 F4P		38				
NK-35	1 600 A02 F4R		35	2,7 (бұдырлы)			
NM-13	1 600 A02 F4S	Болат	13	3 (сатылы)			қара
NM-16	1 600 A02 F4T		16				
NM-19	1 600 A02 F4U		19				
GNB 18V-40:							
NB-40	1 600 A02 R7F	Бетон	40	2,7 (теріс)	6,25	Көміртекті болат, гальваникалық түрде мырышталған	көк

Қорапты толтыру:

- Қажет болса, қорап қалқанын (14) және қорапты (12), мысалы, жаққышпен тазалаңыз.
- Қорап қалқанындағы (14) түймені (15) басып, оны қорап саңылауына қарай тірелгенше жылжытыңыз.
- Жарамды шеге таспасын (22) қорап саңылауына кіргізіңіз. Стандартты қорапты ең көбі 2 шеге таспасымен, ал кеңейтілген қорапты (керек-жарақ) 4 шеге таспасымен толтыруға болады.
- Қорап қалқанындағы (14) түймені (15) басып, оны алға қарай тірелгенше жылжытыңыз.

Нұсқау: егер қорапта (12) 2 шеге ғана қалған болса, түйіспе элементін (17) әрі қарай басып жабу және қағу әрекетін іске қосу мүмкін болмайды. Қорапты толтырыңыз.

Қорапты босату:

- Қорап қалқанындағы (14) түймені (15) басып, оны қорап саңылауына қарай тірелгенше жылжытыңыз.
- Қорапты, шеге таспасы (22) қорап саңылауынан сырғып шыға алатындай айналдырыңыз.

Түйіспе элементін шығару/алмастыру (С суретін қараңыз)

Түйіспе элементін тазалау немесе алмастыру мақсатында шығарып алуға болады.

GNB 18V-38: тек стандартты түйіспе элементін (17) пайдаланыңыз.

GNB 18V-40: пайдалану мақсатына қарай жарамды түйіспе элементін пайдаланыңыз:

- Стандартты түйіспе элементі (17) шегелерді қондыруға және (магниттік сақинамен (24) бірге) болат бекіткіш элементтерді орнатуға арналған.

- Жіңішке түйіспе элементі (23) пластиктен жасалған бекіткіш элементтерді қондыруға арналған.

Аккумуляторды (10) шығарып алыңыз. Қорапты (12) босатып, шығарыңыз.

Түйіспе элементінің құлыптан босату тұтқасын (16) тартып, (17) немесе (23) түйіспе элементін электр құралынан тартып шығарыңыз.

Тазаланған немесе жаңа (17) немесе (23) түйіспе элементін электр құралына тірелгенше кіргізіңіз.

Пайдалану

Қолданысқа енгізу

Қосу/өшіру

Электр құралын қосу үшін пайдаланушы интерфейсіндегі қосу/өшіру түймесін (1), пайдаланушы интерфейсі жанғанша басыңыз.

Электр құралын өшіру үшін қосу/өшіру түймесін (1) қайтадан басыңыз.

Электр құралы пайдаланылмаған кезде, 30 минуттан кейін автоматты түрде өшіп қалады.

Астыңғы беттің жарамдылығын тексеру

Электр құралын шегелермен жабдықтау немесе бекіту алдында астыңғы беттің жарамдылығын тексеріңіз.

Астыңғы бет тегіс және қалдықтардан таза болуы керек.

Астыңғы бет материалының қаттылығын тексеру үшін шегені кернер ретінде пайдаланыңыз. Оны балғамен қатты қағу арқылы материалға кіргізіңіз. Нәтижені тексеріңіз:

- Шеге ұшы дөкір: астыңғы бет тым қатты және жарамсыз, шеге секіріп кетуі мүмкін.

- Материал жарылады немесе бөлінеді: астыңғы бет тым сынғыш және жарамсыз. Бөліктер өзіңізге немесе басқа адамдарға тиюі немесе шеге астыңғы бетке толықтай кіріп кетуі мүмкін.
- Шеге балғамен қағылған кезде астыңғы бетке батып кетеді: астыңғы бет тым жұмсақ және жарамсыз, шеге астыңғы бетке толықтай кіріп кетуі мүмкін.
- Шеге астыңғы бетке азғантай қуыс қалдырады: астыңғы бет бекіту үшін жарамды.

Қағу процесін іске қосу

- Электр құралын қосыңыз.
- Іске қосу құрылғысын **(6)** құлыптан босату үшін құлыптан босату ажыратқышын **(5)** солға басыңыз (**D** суретін қараңыз).
- Электр құралын тұтқасынан **(7)** берік ұстап тұрғаныңызға көз жеткізіңіз.
- Түйіспе элементін **(17)** астыңғы бетке тірелгенше басыңыз.
Түйіспе элементі басылғанда, жұмыс шамы **(19)** жанып, жағымсыз жарық жағдайларында жұмыс орнын жарықтандыруға мүмкіндік береді.
- Содан кейін іске қосу құрылғысын **(6)** қысқа уақыт басыңыз да, жіберіңіз. Бұл ретте шеге астыңғы бетке қағып қондырылады.
- **Нұсқау:** іске қосу құрылғысын **(6)** түйіспе элементін **(17)** басқаннан кейін 2 секунд ішінде басу қажет. Кері жағдайда электр құралы бекітілген күйге ауысып, қағу процесін жаңадан іске қосу қажет болады.
- Кейінгі қағу процесі үшін электр құралын астыңғы беттен толықтай шығарып, оны қалаулы жақын жерге берік орнатып қойыңыз.
- Жұмыс үзілістерінде және жұмыс соңында іске қосу құрылғысын **(6)** бекітіңіз, ол үшін құлыптан босату ажыратқышын **(5)** оңға қарай басыңыз (**D** суретін қараңыз).

Нұсқау: түйіспе элементі **(17)** толықтай басылмаған немесе іске қосу құрылғысы **(6)** қағу процестерінің арасында жіберілмеген кезде, сақтандырғыш іске қосылуға жол бермейді.

Пайдалану бойынша нұсқаулар

- ▶ **Электр құралында кез келген жұмыс өткізбес бұрын (мысалы, техникалық қызмет көрсету, құралды алмастыру және т.б.) аккумуляторды электр құралынан шығарып алыңыз.** Ажыратқышты кездейсоқ басқан жағдайда, жарақат алу қаупі туындайды.

Әр жұмыс істеуден бұрын қауіпсіздік пен іске қосу құрылғыларының ақаусыз жұмыс істегенін және барлық бұрандалар мен гайкалардың берік бекітіліп тұрғанын тексеріңіз.

Бұзылған немесе дұрыс жұмыс істемеген электр құралын дереу электр желісінен ажыратып, өкілетті **Bosch** қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Электр құралында нұсқаулардан тыс өзгерістерді орындамаңыз. Электр құралының бөлшектерін бөлшектемеңіз немесе бұғаттамаңыз. Жарамсыз құралдармен ешқандай "төтенше жөндеу" жұмыстарын өткізбеңіз.

Электр құралының, мысалы, төмендегі әрекеттер арқылы әлсізденуіне немесе зақымдалуына жол бермеңіз:


- соғу немесе ою,
- өндіруші рұқсат етпеген құрылымын өзгерту,
- жерге құлату немесе жерде жылжыту,
- балға ретінде пайдалану,
- күш салып жұмыс істедудің кез келген әдісі.

Ұзақ жұмыс үзілістерінде және жұмысты аяқтағаннан кейін электр құралын өшіріңіз, аккумуляторды шығарыңыз және қорапты мүмкіндігінше босатыңыз.

Қағу процестеріне арналған спецификациялар


Бекіту кезінде бекітілетін материалдар бойынша өндіруші спецификацияларын және кәсіпорынның құрылыстық жоспарларын ескеріңіз.

Дайындама астында немесе артында не тұрғанын көріп алыңыз. Артыңызда адамдар тұрса, қабырға, төбе немесе еденге шеге қақпаңыз. Шегелер астыңғы бетті тесіп, әлдекімге жарақат тигізуі мүмкін.




Шегелерді әрдайым астыңғы бетке тігінен қағып қондыру қажет.

Әлдеқашан қондырылған шегеге басқа шеге қақпаңыз. Бұл ретте шеге деформацияға ұшырап, шегелер қысылуы мүмкін немесе электр құралы бақылаусыз жылжуы мүмкін.




Шегелер дұрыс қондырылғанын тексеріңіз. Берік бекіту үшін олар не тым биік, не тым терең қондырылмауы немесе бүгілмеуі керек.



GNB 18V-40: бекіткіш элементтерді қондыру кезінде шегелердің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

Егер бетон қате қағу әрекетінің нәтижесінде зақымдалған болса, оны белгілі ережелерге сәйкес жөндеу қажет.



Төмендегі мәліметтерді **Bosch** шегелерінің құжаттамасынан немесе келесі веб-сайттан алыңыз: <http://www.bosch-pt.com>:

- Шеге бүркеншігінің арақашықтығы, h_{NHS}
- Тиімді анкерлеу ұзындығы, h_{eff}
- Бетон элементінің минималды қалыңдығы, h
- Екі шеге арасындағы минималды қашықтық, s_{min}
- Минималды жиектер арақашықтығы, c_{min}
- Ұсынылған жүктемелер

Бекіткіш элементтерді қондыру (GNB 18V-40) (E-F суреттерін қараңыз)

Электр құралының көмегімен пластиктен немесе болаттан жасалған бөлек бекіткіш элементтерді астыңғы бетке қондыруға болады.

Бекіткіш элементтер бойынша мысалдар:

Тапсырыс нөмірі	Сипаттама
 1 600 A03 2G6	Құбыр қысқыш қапсырма, 16 мм
1 600 A03 2G7	Құбыр қысқыш қапсырма, 20 мм
1 600 A03 2G8	Құбыр қысқыш қапсырма, 25 мм
1 600 A03 2G9	Құбыр қысқыш қапсырма, 32 мм
1 600 A03 2GA	Құбыр қысқыш қапсырма, 40 мм

Тапсырыс нөмірі	Сипаттама
 1 600 A03 2GB	8 кабельге арналған кабель кронштейні (бір жақты)
 1 600 A03 2GC	16 кабельге арналған кабель кронштейні (екі жақты)
 1 600 A03 2GD	20 кабельге арналған кабель ұстағышы
1 600 A03 2GE	40 кабельге арналған кабель ұстағышы
 1 600 A03 2GF	Қамыт ұстағышы
 1 600 A03 2GG	Қамыт, 8–32 мм
1 600 A03 2GH	Қамыт, 16–63 мм



Bosch бекіткіш элементтерінің толық сұрыпталымы www.bosch-pt.com сайтында берілген.

- **Электр құралыңыз үшін Bosch компаниясы ұсынған бекіткіш элементтерді ғана пайдаланыңыз.** Рұқсат етілмеген бекіткіш элементтерді пайдалану электр құралының зақымдалуына және жарақат алуға әкелуі мүмкін.


Пластиктен жасалған бекіткіш элементтер үшін жіңішке түйіспе элементін (**23**) орнатыңыз (**E** суретін қараңыз).

Болаттан жасалған бекіткіш элементтер үшін стандартты түйіспе элементін (**17**) орнатыңыз (**F** суретін қараңыз). Магниттік сақинаны (**24**) түйіспе элементінің ұштығы бойынша бүйірінен жылжытып, орнында тірелуіне мүмкіндік беріңіз.

Бекіткіш элементті шегені өткізуге арналған жермен түйіспе элементіне (**23**) немесе магниттік сақинаға (**24**) орнатыңыз.

- **Әрдайым бір ғана бекіткіш элементті орнатыңыз.**

Бір-біріне орнатылған бірнеше элемент жарақат алуға немесе зақымдарға әкелуі мүмкін.



- **Бекіткіш элементті орнату кезінде қолыңызды әрдайым ауыздың бүйірінде ұстаңыз. Ауызды әрдайым өзіңізден немесе басқа адамдардан ары бағыттаңыз. Түйіспе элементін ішке қарай итермеңіз. Саусағыңызды іске қосу құрылғысынан алшақ ұстаңыз.** Күтпеген іске қосылудан шеге шығарылып, адамдарға жарақат тигізуі немесе электр құралына зақым келтіруі мүмкін.

Түйіспе элементін орнатылған бекіткіш элементпен бірге астыңғы бетке қысыңыз. Қағу процесін әдеттегідей іске қосыңыз.

Тереңдік шектегішін реттеу

Қағу тереңдігін тереңдік шектегішінің ажыратқышы (20) арқылы, шеге бүркеншігінің арақашықтығы ($h_{\text{нш}}$) үшін дұрыс мәнге қол жеткізетіндей етіп реттеңіз.



Шеге тым терең: тереңдік шектегішінің ажыратқышын (20) оңға қарай басыңыз. Шегелер әрі қарай тым терең қағылатын болса, онда ұзынырақ шегелерді пайдаланыңыз.



Шеге жеткілікті терең емес: тереңдік шектегішінің ажыратқышын (20) солға қарай басыңыз.

Шегелер әрі қарай жеткілікті терең емес қағылатын болса, онда қысқа шегелерді пайдаланыңыз.

Бұғатталуды түзету/бастапқы күйге қайтару

Күй индикаторы (2) қызыл немесе сарғылт түспен жанып тұрса немесе шегелер бұдан былай дұрыс қағылмаса, бұғатталуды түзетіңіз.

- Аккумуляторды (10) шығарып алыңыз. Қорапты (12) босатып, шығарыңыз. Түйіспе элементін (17) шығарыңыз.
- Қорапты (12) тексеріп, кір, қалдық пен бөгде заттарды кетіріңіз.
- Түйіспе элементін (17) тексеріп, шегелерді, шеге бөліктерін, қалдықтарды немесе бөгде заттарды ойғышпен (21) кетіріңіз. Бұл ретте түйіспе элементіне зақым келтірмегеніңізді қадағалаңыз.
- Түйіспе элементін (17), қорапты (12) және аккумуляторды (10) қайтадан қондырыңыз.
- Қорап қалқанындағы (14) түймені (15) басып, оны қорап саңылауына қарай тірелгенше жылжытыңыз.
- Электр құралын қосыңыз.
- Бастапқы күйге қайтару түймесін (4), күй индикаторы (2) жыпылықтай бастағанша, 5 секунд басыңыз.
- Түйіспе элементін (17) ағаш бөренесіне және т.с.с. затқа қысып, іске қосу құрылғысын (6) басыңыз. Осылайша қозғалтқыш таңбаны дұрыс позицияға келтіре алады.
- Егер басқа қате анықталса, электр құралы қалыпты жұмыс режиміне қайтпайды, оның орнына күй индикаторында (2) басқа қате көрсетіледі.

Күй индикаторлары

Күй индикаторының (2) түсі	Мағынасы/себебі	Шешімі
Жасыл	Электр құралы жұмысқа дайын.	–
Сары	Қатты қызудан қорғаныс: қозғалтқыш немесе электроника тым жылы.	Электр құралын суытыңыз. Қозғалтқыш пен электроника жұмыс температурасының аясында болса, электр құралы автоматты түрде қалыпты жұмыс режиміне қайтады.
Көк	Суықтан қорғаныс: электр құралы тым суық.	Электр құралының температурасын жылы ортада қалпына келтіріңіз. Қозғалтқыш пен электроника жұмыс

Тұғырды бөлшектеу

Тұғыр (13) тегіс астыңғы беттегі электр құралын тігінен туралау әрекетін жеңілдетеді.

Тегіс емес астыңғы бетте жұмыс істеу үшін тұғырды (13) бөлшектеуге болады. Ол үшін оны қораптан (12) артқа қарай жылжытыңыз.

Электр құралын ілу

Ілгек (25) өшірілген электр құралын арнайы ілгіш аспапқа бекітуге мүмкіндік береді.

Ілгекті (25) жеткізілім жиынтығындағы бұрандамен электр құралының корпусына бұрап бекітіңіз (G суретін қараңыз).

- Ілгекте (25) зақымдалған немесе деформацияланған жерлердің бар-жоғын тексеріп шығыңыз. Зақымдалған, деформацияланған немесе электр құралына бұдан былай берік бекітілмейтін ілгекті (25) пайдаланбаңыз.
- Электр құралын ілгектің (25) көмегімен тұрақты ілгіш аспапқа іліңіз. Зақым келтіруге немесе жарақат алуға жол бермеу үшін ілгіш аспапты жаяужолдың немесе тікелей жұмыс аймақтарының үстіне орнатуға тыйым салынады.

Ілгек тек электр құралы мен орнатылған керек-жарақты ілуге арналған.

► Еш жағдайда ілгекті құлаудан сақтандыру құралы ретінде пайдаланбаңыз.

Тасымалдау

Электр құралын тасымалдау үшін, әсіресе сатыны қолданған немесе әдеттегіден тыс дене қалпында жылжитқан кезде өшіріңіз.

Іске қосу құрылғысын құлыптан босату ажыратқышымен (5) құлыптаңыз. Электр құралын жұмыс орнына тек тұтқасынан (7) ұстап және іске қосу құрылғысын (6) іске қоспай тасымалдаңыз.

Пайдаланушы интерфейсі

Пайдаланушы интерфейсі мына мақсаттар үшін пайдаланылады:

- электр құралын қосу/өшіру үшін
- электр құралының күйін көрсету үшін
- аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы ретінде
- бастапқы күйге қайтару үшін

Күй индикаторының (2) түсі	Мағынасы/себебі	Шешімі
		температурасының аясында болса, электр құралы автоматты түрде қалыпты жұмыс режиміне қайтады.
қызыл	Бұғатталу анықталды: таңбаны дұрыс позицияға қайтару мүмкін емес.	Бұғатталуды түзетіңіз (қараңыз „Бұғатталуды түзету/бастапқы күйге қайтару“, Бет 16).
Сарғылт	Қозғалтқыш бұғатталған: таңбаны дұрыс позицияға келтіру мүмкін емес.	Бұғатталуды түзетіңіз (қараңыз „Бұғатталуды түзету/бастапқы күйге қайтару“, Бет 16).
Көк-жасыл	Артық токтан қорғаныс: қозғалтқыш тым көп ток тұтынады.	Электр құралында бұғатталудың немесе қатты ластанудың бар-жоғын тексеріңіз және бұл мәселелерді түзетіңіз (қараңыз „Бұғатталуды түзету/бастапқы күйге қайтару“, Бет 16). Қате әрі қарай орын алса, Bosch электр құралдарына арналған өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
қызылкүрең (3 секунд бойы, содан кейін жасыл)	Техникалық қызмет көрсету ұсынылады: тым жоғары қателер жиілігі (мысалы, бүгілген шегелер немесе жеткіліксіз ену тереңдігі)	Bosch электр құралдарына арналған өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Ақ	Электроника немесе датчик қатесі	Электр құралы қауіпсіз күйге ауыстырылды және оны пайдалану мүмкін емес. Bosch электр құралдарына арналған өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы (3)	Қуаты
Үздіксіз жарық 5 × жасыл	80–100%
Үздіксіз жарық 4 × жасыл	60–80%
Үздіксіз жарық 3 × жасыл	40–60%
Үздіксіз жарық 2 × жасыл	20–40%
Үздіксіз жарық 1 × жасыл	5–20%
Жыпылықтау 1 × жасыл	0–5%

құралды алмастыру және т.б.) аккумуляторды электр құралынан шығарып алыңыз. Ажыратқышты кездейсоқ басқан жағдайда, жарақат алу қаупі туындайды.

► **Лайықты әрі қауіпсіз түрде жұмыс істей алу үшін, электр құралды және желдету саңылауларын таза қалыпта ұстаңыз.**

Егер электр құралы 2 жыл немесе одан ұзақ пайдаланылмай сақтауда тұрған болса, **Bosch** электр құралдарына арналған өкілетті қызмет көрсету орталығында техникалық қызмет көрсетуге кеңес беріледі.

Техникалық күтім және қызмет

Қызмет көрсету және тазалау

► **Электр құралында кез келген жұмыс өткізбес бұрын (мысалы, техникалық қызмет көрсету,**

Ақауларды жою

Мәселе	Себебі	Шешімі
Электр құралы жауап қайтармайды.	Аккумулятор салынбаған немесе заряды бос аккумулятор салынған	Зарядталған аккумуляторды салыңыз.
	Аккумулятор және/немесе электр құралы жұмыс температурасынан тыс	Аккумуляторды және электр құралын жұмыс температурасына дейін жеткізіңіз.
	Электр құралы қосылмайды	Электр құралын пайдаланушы интерфейсіндегі қосу/өшіру түймесі (1) арқылы қосыңыз.
Қағу әрекеті іске қосылмайды	қорапта (12) ≤ 2 шеге	Қорапты (12) толтырыңыз.

Мәселе	Себебі	Шешімі
	Іске қосу құрылғысы (6) құлыптаулы	Іске қосу құрылғысын (6) құлыптан босату үшін құлыптан босату ажыратқышын (5) солға басыңыз.
	Жұмыс реттілігі дұрыс орындалмайды	Дұрыс жұмыс реттілігін сақтаңыз: – Түйіспе элементін (17) астыңғы беттен көтеріңіз. – Іске қосу құрылғысын (6) жіберіңіз. – Түйіспе элементін астыңғы бетке тігінен қысыңыз. – Түйіспе элементін басқаннан кейін іске қосу құрылғысын 2 секунд ішінде басыңыз.
Шеге жеткілікті терең қондырылмайды.	Электр құралы тым суық	Электр құралын жұмыс температурасына дейін жеткізіңіз.
	Тереңдік шектегіші қате реттелген	Тереңдік шектегішінің ажыратқышын (20) солға қарай басыңыз.
	Тым ұзын шеге	Қысқа шегелерді пайдаланыңыз. Пайдалануға жарамды тиімді анкерлеу ұзындығын (h_{ef}) ескеріңіз.
	Астыңғы бет тым қатты	Дюбельдер сияқты балама бекіту әдістерін пайдаланыңыз.
Шеге тым терең қондырылады.	Тереңдік шектегіші қате реттелген	Тереңдік шектегішінің ажыратқышын (20) оңға қарай басыңыз.
	Тым қысқа шеге	Ұзынырақ шегелерді пайдаланыңыз. Пайдалануға жарамды тиімді анкерлеу ұзындығын (h_{ef}) ескеріңіз.
	Астыңғы бет тым жұмсақ	Дюбельдер сияқты балама бекіту әдістерін пайдаланыңыз.
Шеге бүгілген немесе сынған.	Электр құралы астыңғы бетке қысық қойылған	Электр құралын астыңғы бетке тігінен орнатып қойыңыз. Астыңғы бет тегіс болса, туралау үшін тұғырды (13) пайдаланыңыз.
	Тым ұзын шеге	Қысқа шегелерді пайдаланыңыз. Пайдалануға жарамды тиімді анкерлеу ұзындығын (h_{ef}) ескеріңіз.
	Астыңғы бет тым қатты	Қосылымдар қатты бетонда бекіту әрекетін басқа жерде орындап көріңіз. Кері жағдайда дюбельдер сияқты балама бекіту әдістерін пайдаланыңыз.
Шеге болатта ұсталмайды.	Болат астыңғы бет тым жіңішке	Бұрандалар сияқты балама бекіту әдістерін пайдаланыңыз.
Шеге түйіспе элементінен шықпайды немесе түйіспе элементі басылған күйде қалады.	Түйіспе элементіндегі бұғатталу (мысалы, бөгде заттардан немесе кірден)	Бұғатталуды түзетіңіз (қараңыз „Бұғатталуды түзету/бастапқы күйге қайтару“, Бет 16).
Тым жоғары қателер жиілігі	Астыңғы бет тым қатты	Дюбельдер сияқты балама бекіту әдістерін пайдаланыңыз.
	Таңба тозған	Электр құралын Bosch электр құралдарына арналған өкілетті қызмет көрсету орталығында жөндетіңіз.
Шегелер қорапқа сырғып кірмейді.	Қорап ластанған	Қорапты (12) , мысалы, жаққышпен тазалаңыз.

Тұтынушыға қызмет көрсету және пайдалану кеңестері

Қазақстан

Тұтынушыларға кеңес беру және шағымдарды қабылдау орталығы:

Роберт Бош (Robert Bosch) ЖШС
050012 Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы
Мұратбаев к-сі, 180
"Гермес" БО, 7 қабат

Тел.: +7 (727) 331 86 00

Тел.: 8 8000 700 270

Біздің сервистік мекенжайларымызға және кепілдік шарттарына сілтеме соңғы бетте және сайтта <https://www.bosch-professional.com/kz/ru/> берілген.

Сұрақтар қою және қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру кезінде міндетті түрде өнімнің фирмалық тақтайшасындағы 10 таңбалы өнім нөмірін беріңіз.

Кәдеге жарату


Электр құралдарды, аккумуляторларды, керек-жарақтарды және орау материалдарын экологиялық тұрғыдан дұрыс утилизациялауға тапсыру керек.



Электр құралдарды және аккумуляторларды/батареяларды үй қоқысына тастамаңыз!

Тек қана ЕО елдері үшін:

Пайдалануға әрі қарай жарамайтын электрлік және электрондық құрылғыларды немесе пайдаланылған аккумуляторларды/батареяларды бөлек жинау және қоршаған орта үшін қауіпсіз жолмен кәдеге жарату керек. Белгіленген қоқыс жинау жүйелерін пайдаланыңыз. Қате жолмен кәдеге жарату құрылғы құрамындағы қауіпті болуы мүмкін заттектерге байланысты қоршаған орта мен денсаулық үшін қауіпті болуы мүмкін.



Servicekontakte
Service Contacts
Contacts de Service
Contactos de Servicio
Контакты сервисных центров



<https://www.bosch-pt.com/serviceaddresses>

Garantiebedingungen
Guarantee Conditions
Conditions de Garantie
Condiciones de Garantía
Условия гарантии



<https://www.bosch-pt.com/guarantee/202601>